АКТУАЛЬНО

ДЕПУТАТЫ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ ГАЗИФИКАЦИИ

30 июля состоялось совместное заседание постоянных комиссий Карагандинского городского маслихата с повесткой дня «О ходе реализации программы газификации в городе Караганде». Были приглашены руководитель ГУ «Отдел строительства города Караганды», заместитель руководителя ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Караганды», заведующий сектором ГУ «Отдел жилищной инспекции города Караганды», представители Карагандинского производственного филиала АО «QazaqGaz Аймак», подрядной организации ТОО «МБК Курылыс», ТОО «Центр модернизации жилищного фонда Карагандинской области».

В начале заседания депутаты заслушали отчет руководителя ГУ «Отдел строительства города Караганды» Мурата Камалиева.

Всего проектом газификации города предусмотрено 4 очереди и 16 пусковых комплексов. Газораспределительные сети планируется подвести к 28 634 абонентам. Согласно отчета, уже построены 1, 2 и 3-й пусковой комплекс первой очереди газификации.

Газораспределительные сети подведены к 6 076 абонентам. По состоянию на конец июля:

4 363 абонентов - получили технические условия;

3 523 абонентов - подключены к газификации.

Для продолжения работы по беспроцентному кредитованию населения для подключения к газоснабжению Центру модернизации акиматом города передано 250 соответствующих адресов. 127 домов готовы к подключению газа, по 123 продолжается работа.

Также в настоящее время проводятся работы по 4, 5, 6-му пусковым, начатые в 2024 г.

В 4-м пусковом комплексе I-й очереди газифицируются 40 улиц:

Асфальтная, Батовая, Разрезовская, Депутатская, Рыбалко, Молокова, Орлова, Юбилейная, Водопьянова, Т • мар, Якутская, Долинская, Товарная, Столярная, Карабасская, Карабасский пер., Новолитейная, Литейная, Береке, Хозяйственная, Вагонная, Учебная, Минеральная, Кузнечный пер., Ученический пер., Береговой пер., Талды, Заречная, Полевая, Тропическая, Монтажная, Мостовая, Углесборочная, Долинская, Кондукторская, Овражная, Грузовая, Товарная, Перронная, 737-й км.

В 5-м пусковом комплексе I-й очереди газифицируются 58 улиц:

Космонавтов, Пищевая, Памирская, Гудермесская, Батумский пер., Рейдовая, Коперника пер., Конторский пер., Штурманская, Резника, Орская, Курмангазы, Районная, Добровольный пер., Авиаторов, Камский пер., Камская, Костюшко, Бензинная, Товарищеский пер., Изыскательский пер., Общественный пер., Очередной пер., Панорамный пер., Панорамная, Аэрологическая, Саяхат, Стартовый пер., мкр.Городской аэропорт: Шектыбаева, Габдуллы Кулкыбаева, Хайруллы Кабжанова; Высоковольтная, Нерчинская, Черкасская, Ярославовская, Рыбная, Белорусская, Гарибальди, Нуржанова, Гончарная, Кустанайская, Самаркандская, Тургенева, Костанайский пер., Вавилова, Мусы Джалиля, Кондитерская, Чехова, Кирпичная, Колодезная, Волгоградская, Балхашская, Оршанский пер., Четская, Рахимова, Хвойный пер.

В 6-м пусковом комплексе I-й очереди газифицируются 5 улиц и 1 микрорайон:

Жанторе Абишева, Таугуль, 2-ая и 3-я улицы мкр.Таугуль, Таттимбета жилой массив, мкр.Кунгей.

Кроме этого ведется работа по устранению так называемых «белых пятен», то есть участков, которые, по различным причинам, не вошли в проект газификации.

По информации Мурата Тилеубековича, на данный момент имеется задолженность перед компаниями прокладывающими газовые сети по авансовым платежам 4-го и 6-го пусковых комплексов.

- В связи с этим, просим оказать содействие в выделении бюджетных средств из республиканского бюджета для завершения проекта газификации 4 и 5 пусковых комплексов, - обратился к депутатам руководитель ГУ «Отдел строительства города Караганды». - По 5 пусковому комплексу в обязательствах стоит 506 миллионов для окончания в августе. В принципе работы все закончены. И также для 4 пускового комплекса. Также имеется задолженность по авансовому платежу. И по 6, то есть по старому проекту. Итого необходимо предусмотреть выделение бюджетных средств на сумму 3 миллиарда 600 миллионов по стоянию на август месяц, для того, чтобы мы могли работать по 5 и 4 пусковому комплексу. Также поддержать сентябрь, октябрь и ноябрь. Сентябрь - 1 миллиард тенге, октябрь - 1 миллиард, и ноябрь - 1,5 миллиарда тенге. Что позволит завершить в августе месяце у нас, я повторюсь, 5 пусковой комплекс, 4 пусковой комплекс. И продолжить строительно-монтажные работы по 6 пусковому комплексу, - сказал руководитель отдела строительства.

Депутаты поинтересовались, что произойдет, если бюджетные деньги смогут обеспечить только в сентябре? Поскольку жителям части домов, которые входят в первую очередь обещали запустить газ уже в начале августа.

- Тогда будете принимать атаки населения сами. Мы зависим от финансирования из республиканского бюджета. Эти суммы нужны были еще в июле, но раз пока нет, то хотя бы в августе, - ответил Мурат Тилеубекович.

Народные избранники порекомендовали не уходить от ответственности и лучше подумать о том, как ускорить процесс газификации в городе. О проблемах с траншами они знают и активно занимаются этим вопросом. Также депутаты поинтересовались: сколько по времени займет полное исполнение обсуждаемого проекта газификации? Мурат Камалиев ответил, что управлением энергетики обозначен срок до 2036 года.

- В случае положительного решения по финансированию, успешного ввода в эксплуатацию у вас на текущий год какой бюджет есть на подключение по госпрограмме, на сколько домов, в случае активного подключения со стороны жителей. И еще один вопрос. Напомните, пожалуйста, сколько на один дом выделяете до конца года? - поинтересовался депутат Тимур Нургожин.

- На 2025 год у нас запланировано 300 таких домов, на сегодняшний день нами газифицировано 175. Вообще у нас по городу Караганда, газификация не так активна, как в Темиртау. У нас Темиртау уже перевыполнил свой план, что нельзя сказать о Караганде. На один дом выделяется максимально 1 миллион 130 тысяч тенге, - ответил начальник отдела строительства.

В заседании принял участие руководитель рабочей группы по газификации «Атамекен» Саламат Айрамбаев, который представляет группу компаний по газификации в Караганде.

Он затронул вопрос с задержками по выплатам подрядным организациям из государственного бюджета.

- Уважаемые депутаты, это серьезный вопрос. Его нужно проработать. Чтобы выплаты были своевременными. У нас шесть подрядчиков, которые ответственны по городу. Хоть сейчас готовы освоить средства и выполнить работы, но никто не хочет идти на сотрудничество с государством. Потому что ситуация такая, что выплаты затягиваются и кассовые разрывы происходят, - посетовал представитель группы компаний по газификации.

- Ставите справедливый вопрос. Нельзя доводить до задержек по зарплатам, тем более в год рабочих профессий. Если такая проблема есть Вам надо было обратиться к депутатам. Мы о подобных проблемах знаем и решаем. Мы обязаны предупреждать о всех

опасностях, которые могут привести к неисполнению государственной программы. Думаю, вопрос проработаем и решим, - ответил депутат Толеген Ашимов.

В заключительном слове председатель Карагандинского городского маслихата Алтынторе Букенов отметил, что по прозвучавшим вопросам нужно будет снова проводит заседания в ближайшее время.

- Деньги будут. Но по плану финансирования в октябре-ноябре. У нас по пятому пусковому комплексу 60% прошло опрессовку, я думаю до августа завершить 2500 выходов к домам из первой очереди. В планах финансирования деньги из республиканского бюджета подтверждены. Вопрос сдвига сроков оплаты мы с июня месяца ставим. Адиль Есенович Упабеков - депутат общественного совета минэнергетики с этим письмом поедет. Вопрос в том, можем ли мы в рамках закона на этот момент в августе месяце пока передать объекты без оплаты «QazaqGaz Аймак», чтобы они техусловия выдали и подрядчики 2500 домов могли в течение августа-сентября начать подключать? - спросил у ответсвенных лиц Алтынторе Жангельдыевич.

Депутаты заострили внимание на том, что деньги по обязательствам перед подрядчиками в любом случае заплатят. Государство является надежным партнером. Тем более работы впереди еще много и по другим очередям и пусковым комплексам. Контракты заключены на 3-5 лет вперед. Депутаты настояли, что вопрос обязательно должен быть решен и подключение домов к газу должно ускориться, поскольку людям уже пора либо закупать уголь на зиму, либо жить в холодный сезон уже с газом. При этом подключение должно идти строго по правилам и с соблюдением техкарт, поскольку это, в первую очередь, вопрос безопасности.

- Центр модернизации, нужна тоже проактивность как и от акимата. Я если с вами сейчас пойду, ни одной листовки не найду для оповещения 2500 домов. Не подрядчики должны, а вы это делать. Вы созданы для этого. Отдел занятости и социальных программ тоже предоставьте списки тех, кто из собственников домов может претендовать на выплату для подключения, помогите ускорить процесс, - сказал председатель городского маслихата.

В итоге по результатам обсуждения и внесенных предложений акимату города Караганды рекомендовано:

- совместно с директором филиала АО «QazaqGaz Айма • » проводить информационно-разъяснительную работу с населением по вопросам газификации улиц, наличия необходимых документов для подключения, получения технических условий и установки счетчиков;
- решить вопрос полного финансирования 5-го и 6-го пусковых комплексов;
- ускорить процесс выдачи технических условий для населения;
- разработать дополнительный проект газификации неохваченных жилых домов и улиц;
- рассмотреть данный вопрос дополнительно с участием всех заинтересованных государственных и уполномоченных органов.

Николай Боголюб

Қарағанды қалалық мәслихатында

ГАЗДАНДЫРУ УАҚЫТЫМЕН БІТЕ МЕ?

Қарағанды қалалық мәслихаты тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы болып өтті. Оны мәслихат төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қысқаша кіріспе сөзбен ашты. Отырысты мәслихаттың құрылыс, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Төлеген Әшімов жүргізіп отырды.

Отырысқа «Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі» ММ-нің басшысы Мұрат Камалиев, «Қарағанды қаласы еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» ММ-і басшысының орынбасары Бахытнұр Талипова, «Қарағанды облысы тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы» ЖШС-нің басшысы Данияр Дүйсембаев, «МБК Құрылыс» ЖШС мердігер ұйымының құрылыс жөніндегі директоры Абай Әлкеев, «QazaqGaz Аймақ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалының басшысы Бекзат Шұға, «Қарағанды қаласы тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің сектор меңгерушісі Дулат Тишмағамбетов және Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы ЖШС-нің басқа да өкілдері қатысты.

Бірінші сөз «Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі» ММ-нің басшысы Мұрат Камалиевке берілді.

- Өздеріңіз білетіндей, Қарағанды қаласында газдандыру жұмысы басталғанына бірталай жыл болды. Алдағы атқаратын жұмыстың бірінші кезегінде 4-ші іске қосу кешені бар. Ол қаланы, Федоровка кентін, Оңтүстік-Шығысты, Панель орталығын, Күнгей және Таугүл ықшам аудандарын қамтиды, – деді Мұрат Тілеубекұлы. – Қазіргі сәтте жеті іске қосу кешінінің ішіндегі 3-ші іске қосу кешенін аяқтап біттік, енді төртінші және бесінші іске қосу кешендерінде жұмыс жүріп жатыр. Ал, 7-ші кешеннің құжаттамаларына түзетулер енгізілуде. Құрылыс монтаж жұмысын жүргізуді келесі жылға қалдырып отырмыз. Екінші кезекте ЖБИ, Пришахтинск елді мекендері тұр. Мұнда да төрт іске қосу кешені бар. Одан соң үшінші кезекте Майқұдық елді мекеніндегі Берлин, Сахалин, Курьяновка кенттері, Шахтер ықшам ауданы, ең соңында аяқталатын Сұрыптау кенті бар. Осы үш іске қосу кешені бойынша 6 мыңнан астам абонент тіркелген. Қазіргі сәтте Федоровка мен Михайловка кенттерін қамтитын 4-ші кешенде жұмыс жүріп жатыр. Онда дәнекерлеу және жоғары қысымды 3130 метр болат газ құбырын (диаметрі 325 см) төсеу жұмысы атқарылуда. Ал, диаметрі 160 см құбыр 3452 метр жерге төселіп, дәнекерлеу жұмысы жасалады. Шығыс тораптың жалпы саны 1800. Олар Долинская, Столярная, Товарная, Заречная, Монтажная, Грузовая, Перронная көшелеріне орнатылып, абоненттерге шығарылмақ. Қазіргі кезде жұмыстың негізгі бөлегі игеріліп болды. Бұдан әрі 5-ші іске қосу кешеніне кіріспекпіз. Бұл кешенде 530 және 325 см құбырлар 9,8 және 15,3 км жерге тартылады. Онда орта қысымды құбырларға 53 және 15 диаметрлі құбырлар жалғанады. Оның Ескі әуежай аймағында 43 көшеге орамішілік 8,4 км құбыр монтаждалды. «ҚазТрансГаз Аймақ» өкілдерімен бірге төмен қысымды құбырларды үрлеу, газ толтыру жұмыстары жүргізілді. Бұл маңайда жалпы жұмыстың 60 пайызы орындалды деуге болады. Шығыс тораптың жалпы саны 2500.

Ғарышкерлер, Пищевая, Гудермес, Штурман, Мұса Жалил, Кондитерлік көшелерінде іс жүзінде абоненттерге шығатын 1965 торап орнатылды. Кейінгі екі-үш күннің ішінде жұмысты 100 пайыз орындауға жетіп қалдық. Оларда жоғары қысымды болат құбырларды дәнекерлеу және төсеу жұмыстары жүргізіліп, диаметрі 325 см құбырлар 3130 метр жерге тартылды. Одан соң жоғары қысымды полиэтилен газ құбырлары төселмек.

Келесі жұмыс 6-шы іске қосу кешенінде Таугүл және Күнгей ықшам аудандарында жоғары қысымды 209 см болат газ құбырларын дәнекерлеу және 500 метр жерге төсеу жүргізіледі. Сол сияқты 420 мм газ құбырлары да 4800 м жерге төселді. Ескі жобамен 3 мың торап монтаждалды. Қазіргі кезде 6-шы іске қосу кешені бойынша түзету жұмыстары жүргізілуде. Өйткені, 2019 жылдан бері 1500 торап монтаждалған болатын. Жалпы алғанда бұған 2 мың учаске қосылды. Өйткені, сол уақыттан бері қаншама жеке үйлер салынды. Таяуда салыстырмалы кесте алынды. Бұған дейін біз жалпы сомасы 6 млрд. теңге алмақ болатынбыз. Оны біз қайта қарап, көптеген қымбат тұратын жұмыстарды қысқартып тастадық. Тек орамішілік жолдар үшін ғана қалды. Яғни, белгілі бір пайыздары ғана қалды. Оның өзі 3 млрд. 700 млн. тг болды. Осы шамадан аздап көптеу немесе аздап төмендей болуы мүмкін, оны сараптама анықтайды. Осыған байланысты 4-ші және 5-ші іске қосу кешендерін бітіріп шығу үшін республикалық бюджеттен тиісті қаражат бөлуге ықпал етулеріңізді сұраймыз. Тамыз айында аяқталмақшы 5-ші іске қосу кешенінің өзі 506 млн. тг тұрады. Негізінен басты жұмыстар аяқталып болды, бірақ 4-ші және 6-шы іске қосу кешендеріне ескі жоба бойынша жүзеге асырылған авансстық қаржыландыруда қарыз бар. Сайып келгенде 4-ші және 5-ші іске қосу кешендерінде тамыз айында жұмысты бітіріп, қыркүйек және қазан айларында 6-шы іске қосу кешеніндегі жұмысты жалғастыру үшін бюджет қаражаты есебінен 3 млрд. 600 млн. тг қажет деп отырмыз.

Тағы бір айта кететін мәселе – бізде «ақтаңдақ» орындар бар. Олар кезінде жобаға кірмей қалған үйлер. Мәселен, 4-ші іске қосу кешені аумағында 9 тұрғын үй кешені бар. Оларға газ қазандықтарын салу керек. Жобалаушы ұйымдар «Алатау» және «Астана» ЖШС. Оларды одан әрі рәсімдеу үшін топографиялық жобалау жұмыстары жүргізілуде. Яғни, аталған ұйымдардың көмегі аясында бұл қазандықты 2025 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр.

5-ші кезеңде біз орташа қысымды қалпына келтіріп, жекелеген жұмыстарды атқарып бітеміз. Ол – жаңғырту жұмыстары. Одан әрі – газ қазандығы, сол сияқты үйлер де жаңғырту арқылы өтеді. Тағы да айта кететін болсақ, «ақтаңдақ» орындары Сейфуллин көшесінде де бар. Саранға шығар жолдағы көпірдің астыңғы жағындағы он үй мүлде газсыз қалған. Дер кезінде жобаланбай, кейінде ғана қосылды. Оған қоса Пришахтинскінің жолындағы Горин, Фурманов, Садько, Клара Цеткин көшелерінде орналасқан 25 үй. Бұлар да уақытында жобаға ілікпей қалған. Крылов және Ипподром көшелерінде де 20 үй қалып қойыпты. Мотор көшесінде 8 пәтерлі барак текті бір үй газдалмаған. Егер республикалық бюджеттен аталған сома уақытымен келетін болса, осындай жұмыстардың барлығы дер шағында орындалар еді.

Келесі сөзді «МБК Құрылыс» ЖШС мердігер ұйымының құрылыс жөніндегі директоры Абай Әлкеев жалғастырды. Ол және бұдан соң сөйлеген басқа да қатысушылар өздеріне жүктелген міндеттерді уақытымен орындап жатқандарын айта келіп, қаржыландырудың уақытымен жетуінің маңыздылығын атап өтті.

Талқылау қорытындысы мен енгізілген ұсыныстар негізінде Қарағанды қаласының әкімдігіне:

«QazaqGaz Аймақ» АҚ филиалы директорының қатысуымен қала тұрғындарына көшені газдандыру, газ алу үшін қажетті құжаттар тізімін, техникалық шарттарды рәсімдеу және есептеу аспаптарын орнату мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5-ші және 6-шы іске қосу кешендерін толық қаржыландыру мәселесін шешу;

халыққа техникалық шарттар беру процесін жеделдету;

газдандырумен қамтылмаған үйлер мен көшелер бойынша қосымша жоба әзірлеу;

бұл мәселені барлық мүдделі мемлекеттік және уәкілетті органдардың қатысуымен қосымша қарастыру туралы және басқа да ұсыныстар берілді.

Отырысты Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қорытындылай келіп, алдағы жұмыс жобаларын уақытымен жүзеге асыруды, көрсетілген мәселелерге бір аптаның ішінде жауап қайтаруды тапсырды.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ